

resistance increases. In this regard, resistance should be considered not only as a biological factor, reflecting the ability of the animal organism to withstand the adverse effects of the external environment, but also as an economically useful trait. The use of indicators characterizing the level of natural protective forces in breeding and breeding work will allow the creation of herds of highly resistant sheep that are distinguished by a high level of productivity.

ӘОЖ 636.32/38.082

Құлатаев Б.Т.¹, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор
Давлетова А.М.², Ph.D докторанты

¹«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық -техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ОҢТҮСТІК – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕ ӨСІРІЛЕТІН ҚОЙЛАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аннотация

Алматы облысы Жамбыл ауданы «Ажар» асылтұқымды шаруашылығында саулықтарға жүргізген ғылыми зертеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша аналықтардың төлшендігі 105,3-106%-ды құрайтындығы анықталды.

I топтағы қозылардың сақталғы штығы төмендегі топтардан (II және III топ) тиісінше 1,0 және 0,9 % жоғары болып отыр. Қойлардың өсімталдығы мен өміршендігі көрсеткіштері олардың оңтүстік –шығыс Қазақстан аймағының жағдайларына жақсы бейімделгендігінің дәлелі болып отыр.

Түйін сөздер: қой, тұқым, желі, ет, жүн, іріктеу, етті тұқым, қозы.

Кіріспе Бүгінгі таңда нарық экономикасының сұранысына жауап беретін қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойлары болып табылады.

Қазақстанда өсетін қой тұқымдарының ішінде ең төзімдісі, мол өнімдісі, тез жетілгіштігі, төлшендігі, жүндестігі т.б. шаруашылыққа пайдалы қасиеттері жағынан еділбай қойлары болып саналады.

Зерттеулер нысаны мен әдістері. Ғылыми-зерттеу нысаны ретінде Алматы облысы Жамбыл ауданы «Ажар» асылтұқымды шаруашылығында 3,5-4,5 жастағы, «элита» класты еділбай және қазақтың биязы жүнді саулық отарлары пайдаланылды:

I топқа еділбай қошқарлары мен еділбай саулықтарынан алынған будандар топтастырылды;

II топқа еділбай қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынған будандар топтастырылды.

Зерттелген малдар бір отарда болғаннан кейін, олардың азықтандыру мен бағып – күту жағдайлары бірдей деңгейде деп санауға болады.

Құйрықты қойлар төлдерінің көпшілігі туған жылы аса жылдам өсіп -жетіліп, тауарлық мақсатқа жұмсалады. Ал, тиісті салмаққа жетпеген қозылардың өзі қосымша шығындарды көп керек етпей, қоршаған орта әсеріне төзімділік көрсетіп, қыстан жақсы шығады. Көктем -жаз айларында қондылығын жылдам көтеріп, салмақты тез қосады, сөйтіп етке өткізуге уақытында дайын болады.

Еділбай қойы Орал және Еділ өзені аймақтарында халықтық іріктеу әдісімен алынған. Бұл құйрықты қойлар Қазақстанда көбінесе бурыл, сары түсті болып кездеседі. [1] еділбай қойы - қазақтың тұрғылықты етті -майлы қойларының ішіндегі ең ірісі.

Еділбай қойы етті-майлы қасиеті жағынан ерекше көзге түседі, өзі өте ірі болады [2]. Бұлардың конституциясы мықты, дене құрылысы жан -жақты жетілген, сымбатты келеді, бойы биік, сирағы ұзын және алді болады. Басы мықты, салмақты, бірақ өте үлкен болмайды.

Көпшілігінің құлақтары ұзын, шеміршекті салпаң құлақ болып кездеседі. Мойны ұзын, денесі шымыр да жұмыр, кеудесі кең, шоқтығының басы жатағандау толық келеді. Арқасы жалпақ, жауырынды, тұрқы ұзын, бел омыртқасы ірі және тегіс болады. Түсі көбінесе қызыл, қоңыр, қара, кейде бозы да кездеседі.

Еділбай қойларын зерттеу жұмыстары 1928 жылдан басталды. Сол жылдардан бастап қойдың асыл тұқымын жақсарту жүйелі түрде жүргізілді.

Тәжірибелік саулықтар – таза қанды еділбай және қазақтың биязы жүнді қойлары болды. Зерттеулер, ересек «элита» класты саулық отарларында жүргізілді.

Малдың тірідей салмағын жасына байланысты анықтау ең кең таралған өсу мен дамуды есептеу әдісі болып саналады. Осы орайда малды өсіру жағдайларына бейімділігін сипаттау үшін оның тірідей салмағының өзгергіштігін зерттеу маңызды орын алады.

Біздің зерттеулерде оңтүстік – шығыс Қазақстан жағдайларында өсірілетін құйрықты қойларының жасына байланысты тірідей салмағының өзгергіштігі анықталды.

Қойлардың тірідей салмағының көрсеткіштері оның физиологиялық жағдайына буаздығымен лактацияға байланысты.

Зерттеулер нәтижелері. Біздің зерттеулер нәтижелері зоотехникалық әдебиеттерде қалыптасқан пікірлерге сәйкес келеді, яғни құйрықты қойлар мен биязы жүнді қойлардың басқа экологиялық аймаққа аудандастырғанда олардың тірідей салмағында көп өзгергіштік байқалады.

1-ші кесте деректерінен көріп отырғанымыздай, тәжірибе топтарындағы саулықтардың тірідей салмақтары бойынша елеулі айырмашылықтар байқалмады.

Зерттеулер нәтижелерін талдау. Жүн талшығының ұзындығы. Тәжірибеге алынған барлық топтағы саулықтардың тірідей салмақтары өлшенген, соның ішінде екі топтан да жоғары болған I топтағы саулықтар.

1 кесте - Тәжірибеде пайдаланылған саулықтардың өнімділігі

Топтар	n	Тірі салмағы, кг	Қырқылған жүн салмағы, кг	Таза жүн салмағы, кг	Жүн ұзындығы, см
		X±m _x			
I	30	68,7±0,88	2,5±0,06	1,25±0,41	8,0±0,08
II	30	65,6±0,82	6,2±0,05	3,2±0,18	12,5±0,06

Біздің көрсеткіштерімізден I топтағы саулықтардың тірі салмақтары келесі топтардан, II топтан 3,1 кг немесе 4,5 %, ал II топтан 2,0 кг немесе 2,9 %, II топтан қырқылған жүн салмағы бойынша (I және II топ) 0,2; 3,7 кг немесе 3,2; 59,6 %, таза жүн салмағы бойынша (I және II) 0,2; 1,95 кг немесе 6,2; 60,9 %, жүн ұзындығы бойынша (I және II топ) 1,0; 4,5 см басым болды.

Барлық топтағы саулықтардың дене өлшемдерінің ішінен шоқтығынан алынған биіктігі бойынша I топ саулықтарында басым, (II және III топ) 2,0 және 4,1 %, тұрқының қиғаш ұзындығы бойынша 4,9 және 9,6 %, кеуде енділігінен 3,0 және 8,3 %, кеуде орамынан 2,38 және 7,8 % басым түсті.

2 кесте - Тәжірибеде пайдаланылған саулықтардың негізгі дене өлшемдері, см

Топтар	n	Шоқтығының биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде енділігі	Сербек аралық енділігі	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
		X±m _x					
I	30	76,7±0,32	83,2±0,30	22,8±0,32	21,3±0,21	104,7±0,37	9,0±0,12
II	30	75,2±0,24	79,1±0,24	22,1±0,14	20,6±0,10	102,2±0,27	9,0±0,02

Саулықтардың төлдегіштігі және қозылардың өміршеңдігі. Қой өнімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі, оның төлдегіштік қасиеті. Қойды өз төлінен өсіруді ғылыми негізде ұйымдастырмайынша, қой шаруашылығы өнімдерін жақсарту, сонымен бірге қой санын жеделдете өсіру мүмкін емес екендігі белгілі.

Қой шаруашылығына өндірілетін өнімдер және оның рентабельділігі жас төлдерді адам талабына сай бағыттап өсірудің сапасына байланысты болмақ. Ол үшін өсіріліп отырған қой малының төлдегіштілік және ұрпағының сақталғыштылық қабілетін ұрпақтан ұрпаққа барынша бекіту керек.

Зерттеулер көрсеткендей, саулықтардың төлдегіштігі генетикалық факторларға және сыртқы орта жағдайларына, қой тұқымына, жасына, қандылығына, дене салмағына, азықтандыру деңгейіне және көптеген басқа факторларға байланысты болады.

Қазіргі таңда, көптеген ғалымдар да малды өз төлі есебінен төлдегіштікті арттыра түсу және өзіндік құнын арзандату, малды көбейтудегі қолданылатын жүйелер сияқты мәселелермен шұғылданып келеді.

Тірі организм өзін - өзі ұдайы жетілдіріп отыратын ашық жүйе болғандықтан, ол өмірінің барлық кезеңінде өзі қоршаған ортамен тығыз байланыста болады. Сыртқы орта факторлары ағзаның өсіп – жетілуіне, көбеюіне, өміршеңдігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан, сыртқы ортамен тірі ағзаның қатынасын зерттеудің маңызы зор.

Малдар өсімталдығы олардың өнімділігінің басты белгілерінің бірі екені белгілі.

Қоршаған ортаның жағдайлары жақсаруы қойлардың ағзасына оң әсерін тигізеді. Қозылардың туылғаннан өсуі мен өміршеңдігі енесінің сүттілігімен де, енесімен бағылудағы жас төлдің азықтану жағдайына да байланысты болатыны белгілі.

Оңтүстік – шығыс Қазақстан аймағы жағдайларында тәжірибе топтарындағы будан қойларының өсімталдығы жеткілікті деңгейде болды.

Бұл зерттеулерде алға қойған мақсат будандарға байланысты саулықтардың ұрықтануын, төлдегіштігін, алынған төлдер өміршеңдігін анықтау.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда қозы бастарының сақталуына кері әсерін тигізетін факторлар мыналар: енесінен қозының адасып кетуі, қозылардың белсенділігі -туғаннан кейін 10-13 минут аралығында тұру керектігі айтылады, буаздық кезеңіндегі ежелерінің салмақтарына байланысты болатынын, осылардың әсерінен қозылардың сақталуы төмендейді дейді.

Қой шаруашылығынан өндірілетін барлық өнім түрінің экономикалық тиімділік деңгейіне тікелей әсерін тигізетін себептердің негізі болып – аналық малдардың өсімталдық қабілеті болып табылады.

Біздің зерттеу нәтижелеріміз бойынша, барлық топтағы аналық малдардың өсімталдық қабілетінің, оның ішінде төлдегіштілік көрсеткіші мейлінше жоғарылығымен ерекшеленеді (3 кесте). Сонымен біздің тәжірибеге алынған барлық үш топ бойынша туған әрбір 100 бас саулыққа шаққандағы төлдегіштігі 105,3 – 106,0 % аралығын құрап отыр. Бұл қалыпты көрсеткіш болып табылады. Соның ішінде, II топтағы саулықтардың төлдегіштілік қабілеті келесі топтарға (I және III топ) қарағанда 0,01 және 0,7 % басымдылық көрсетуде. Ал I топтағы саулықтардың осындай көрсеткіштері, соңғы топтан тиісінше 0,6 % жоғары болды.

3 кесте - Саулықтардың төлдегіштігі

Топтар	Ұрықтандырылған саулықтар саны, бас	100 саулықтан алынған қозылар			
		туылғандағы		енесінен бөлгендегі	
		бас	%	бас	%
I	188	199	105,9	196	104,2
II	184	195	106	190	103,3

Біздің мәліметтерімізге қарағанда 4 -4,5 айлық қозылардың ежелерінен бөлгендегі сақталғыштығы 103,2 -104,2 % аралығын құрайды, қозылардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Соның ішінде, I топтағы қозылардың сақталғыштығы келесі

топтардан (II және III топ) 1,0 және 0,9 % жоғары болып отыр. Ал II топ, соңғы топтағы малдардан тиісінше 0,09 % басым болды (4 кесте).

4 кесте – Қозылардың туылғаннан 18 айына дейінгі сақталуы

Топ тар	Қозылар		Туылғаннан 4-4,5 айына дейінгі		4-4,5 айынан 12 айына дейінгі		12 айынан 18 айына дейінгі		Туылғаннан 18 айына дейінгі	
	бас	%	бас	%	бас	%	бас	%	бас	%
I	199	100	5	2,5	5	2,5	6	3,1	16	8,1
II	195	100	6	3,1	5	2,6	7	3,6	18	9,2

Жалпы айтқанда, барлық топ қозыларының сүт ему кезеңіндегі олардың сақталғыштығында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Біздің ойымызша, қозылардың сүт ему кезіндегі жағдайының қолайлы кезеңінің әсері болып саналады. Ал тәжірибеге алынған малдардың ежелерінен 12 айлықтарына дейінгі айырмашылықтары байқалуда. Соның ішінде, II топтағы малдардың сақталғыштығы келесі топтардан (I және III топ) 3,8 және 23,1 % жоғары болып отыр. Ал I топ, соңғы топтағы малдардан тиісінше 20,0 % басым. Туылғаннан 18 айына дейінгі сақталғыштығы бойынша салыстыратын болсақ, II топтағы малдар келесі топтардан (I және III топ) 12,0 және 7,6 % жоғары болып отыр. I және II топтағы малдардың, келесі топқа қарағанда, мейлінше жоғары сақталғыштығымен ерекшеленгендігін немесе осы аймақта мал өсіру жағдайына жақсы бейімделгендігін көрсетеді.

Қозылардың шығындауына әжеп соқтырған себеп-салдарлар- бонитировка кезінде жарамсызға, айналпас ауруына шалдыққан, жылан шаққан, тұяғы құрттаған, жардан ұшқан, қатты аязда өкпесіне суық тиген, қасқыр талаған міне осындай жағдайлардан шығын болған.

Қойларды өсіру мен өміршеңдігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып белгілі бір уақыт аралығындағы мал шығынының үлесі саналады.

Біздің зерттеулерімізге қарағанда бір жылдағы кеткен қозылардың шығыны 2,5 -3,0 % аралығын құрайды, қозылардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін және де зоотехникалық нормаға сай келетінін айта кеткен жөн. Соның ішінде, I топтағы қозылардың сақталғыштығы келесі топтардан (II және III топ) 2,3 және 16,7 % жоғары болып отыр. Ал II топ соңғы топтан тиісінше 14,7 % басым.

Қортынды Алматы облысы Жамбыл ауданы «Ажар» асылтұқымды шаруашылығында саулықтарға жүргізген ғылыми зертеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша аналықтардың төлшендігі 105,3-106%-ды құрайтындығы анықталды. Қозылардың өміршеңдігі ежелерінен бөлген кезде жыл ерекшеліктеріне байланысты 2,5 және 3,0 % аралығында болды. I топтағы қозылардың сақталғыштығы төмендегі топтардан (II топ) тиісінше 1,0 және 0,9 % жоғары болып отыр. Қойлардың өсімталдығы мен өміршеңдігі көрсеткіштері олардың Оңтүстік –Шығыс Қазақстан аймағының жағдайларына жақсы бейімделгендігінің дәлелі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сабденов Қ.С., Бетембаева М.М., Елемесов К.Е., Ж.А.Рақымжанов., Көшербаев Ш.К., Пірмәншиев М.П., Қойшыбаев С.А. Қой шаруашылығы. – Алматы, 1993. - 90 б.
2. Ермеков М., Көптілеуов Т. Еділбай қойы. - Алматы: Қайнар, 1982. - 20 б.
3. Лебедев И.Г. Гиссарские овцы и пути их совершенствования. – Сталинабад, 1952. - С. 10.
4. Сабденов Қ.С. Қой шаруашылығын интенсификациялау. Алматы: Қайнар, 1991. - 72 б.
5. Сабденов Қ.С., Абдуллаев М., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығының технологиясы. – Астана, 2003. - 40-б.
6. Любавский А.В. Гиссарские овцы. – М.: Государственное Издательство сельскохозяйственной литературы, 1949. - С. 51.
7. Ермеков М.Ә., Голоднов А.В. Қазақстанның құйрықты қойлары. -Алматы: Қайнар, 1977. - С. 50-55.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся результаты научно-исследовательских работ проведенные в ТОО «Ажар» Жамбылского района Алматинской области по изучению показателей роста и развитие овцематок эдильбаевских овец в новых условиях юго-востока Казахстана. Сохранность ягнят I группы преобладает в сравнительном аспекте с (II и III группы) соответственно на 1,0 и 0,9 % выше и по плодовитости овцематки составило 105,3-106%.

RESUME

The article presents the results of research work carried out in the LLC «Azhar» Zhambyl district of Almaty region for the study of growth and development indicators edilbaevskih sheep ewes in the new conditions of the southeast of Kazakhstan.

Safety lambs of I group prevails in the comparative aspect with (groups II and III), respectively by 1.0 and 0.9% higher and fertility ewes sostavilo 105,3-106%.

УДК 633.033.289.1

Масоничч-Шотунова Р.С.¹, кандидат биологических наук, ассоциированный профессор
Далабаева Г.Б.¹, младший научный сотрудник

Айтымбет Ж.², магистрант

¹ТОО «Казахский НИИ животноводства и кормопроизводства», г. Алматы, Республика Казахстан

²НАО «Казахский национальный аграрный университет», г. Алматы, Республика Казахстан

ГЕОБОТАНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА И АНАЛИЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПАСТБИЩ В УСЛОВИЯХ ЮЖНОГО И ВОСТОЧНОГО РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Природные условия Казахстана, их многообразие обуславливают значительные потенциальные возможности для развития животноводства. Устойчивому росту животноводства способствует прочная кормовая база, которая обеспечит поголовье скота необходимыми биологически полноценными кормами. Основными источниками кормов являются пастбища, природные и сеяные сенокосы, пашня для выращивания кормовых культур.

Площадь пастбищ в республике составляет 188,5 млн. га. Пастбища Казахстана разнообразны по географическому, зональному положению и растительности. Основной фактор, определяющий состояние этих угодий – выпас сельскохозяйственных животных. Концентрация скота вокруг мест проживания людей вызывает деградацию почвенного и растительного покрова.

В статье дана геоботаническая оценка пастбищ и анализ их использования на примере двух крестьянских хозяйств южного и восточного регионов республики.

Ключевые слова: пастбища, корма, геоботаническая оценка, почвы, растительность, использование, стравливание, нагрузка.

Введение. Казахстан, являясь аграрной страной, располагает большими резервами для расширения кормовой базы. Площадь сельскохозяйственных угодий Республики Казахстан составляет 216,7 млн. га, в том числе пастбища – 188,5 млн. га, сенокосы – 5,0 млн. га, пашня под полевым кормопроизводством – 2,5 млн. га [1].

Пастбища - природные кормовые угодья, составляют 188,5 млн. га или 84,7% от всех сельскохозяйственных угодий, на них животноводство получает более 50% кормов, так как выпасы составляют 67,4%. В годовом рационе овец пастбищный корм составляет 58%, лошадей и верблюдов – 73% [2].

Именно поэтому наибольшее развитие здесь получило пастбищное животноводство. На огромном пространстве природные условия весьма разнообразны: горы, покрытые вечными